

## ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы (балабақша / шағын орталық, мектепалды сыныбы) \_\_\_\_\_

Топ: ортаңғы топ

Балалардың жасы: 3 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: 13.05 - 17.05.2024ж.

Педагогтың аты-жөні \_\_\_\_\_

Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
<b>Күн тәртібі</b>					
<b>Балаларды қабылдау</b>	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. <b>(сөйлеуді дамыту)</b>				
<b>Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу</b>	Ата-аналарға кеңес. "Үйдегі жағдайда балабақшаның күн режимімен бірдей етіп ұйымдастыру".				
<b>Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау</b>	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Жабық өсімдіктерді бүріккіш пистолетпен су бүрку.	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Жабық өсімдіктерді бүріккіш пистолетпен сумен бүрку.	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Ойыншықтарды тәртіпте ұстау: жуу, кептіру, сүрту және орнына қою.	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Топ бөлмесінде және жатын бөлмеде терезенің ернек тақтайын дымқыл шүберекпен сүрту.	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Күтушіге төсектерді салуға көмектесу.

<p>және басқалар)</p>	<p><b>Саусақ жаттығуы.</b>  <b>"Жаңбыр жауса - тұрмайық".</b>  Мақсат-міндеттері.  Балаларға педагогке еліктеп қимылдарды саусақтарымен жасауға, жаңбырдың сипатын қабылдауға ынталандыру.  Жаңбыр жауса – тұрмайық, (саусақтармен үстелге соққылау, сұқ саусақпен бұлғау)  Қолға шатыр алайық (шапалақтау)  Там-там – соқса тамшылар, (саусақтармен үстелге соққылау)  Жамылып, отырайық (алақандармен бас төбесін жабу).  Д. Ахметова  <b>(сөйлеуді дамыту)</b></p>	<p><b>Саусақ жаттығуы.</b>  Мақсат-міндеттері.  Көркем сөзді мәнерлеп айтуға дағдыландыру;  қолдың ұсақ моторикасын дамыту.  Мұзафар Әлімбаев "Он саусақ".  Жалғыз саусақ тіпті де, (сұқ саусақты ашамыз, қайта жұмамыз)  Ұстай алмас жіпті де.  Екі саусақ бірікті, (бас бармақ пен сұқ саусақты қосамыз)  Ине қолға ілікті.  Үш саусағым орамды, (бас бармақ пен сұқ саусақты және ортаңғыны қосып қимыл жасаймыз)  Жүгіртеді қаламды.  Өнерлі екен он</p>	<p><b>Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығулар.</b>  "Бір бидай – бес қап"  ертегісін әңгімелеу.  Мақсат-міндеттер:  Балаларды "Бір бидай - бес қап" атты ертегі мазмұнымен таныстыру, адамның жақсы қасиеттері жөнінде мағлұматтар беру, адам еңбегінің маңызы туралы ұғымдар негіздерін қалыптастыру.</p>	<p><b>"Бұл қай мезгілде болады?"</b>  <b>дидактикалық ойыны.</b>  Мақсат-міндеттері.  Балаларға жыл мезгілдерін белгілеріне қарай атауды үйрету; ойлауды, есте сақтауды, зейінді дамыту.  Барысы: педагог балаларға жыл мезгілдері туралы жұмбақтар айтады, балалар жұмбақтың шешімін тауып, суреттерден сәйкес мезгілдерді тауып тақтаға іледі.  <b>(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)</b></p>	<p><b>"Не қайда өседі?"</b>  <b>дидактикалық ойыны.</b>  Мақсат-міндеттер:  балаларды табиғатта болып жатқан құбылыстарды түсінуге үйрету; жер бетіндегі барлық тіршілік иелерінің өсімдік жамылғысының күйіне тәуелділігін көрсету. Барысы: педагог әртүрлі өсімдіктер мен бұталардың аттарын атайды, ал балалар сол жерде өсетіндерді ғана таңдайды. Егер олар өссе, балалар қолдарын шапалақтайды немесе бір жерге секіреді (кез-келген қимылды таңдауға</p>
-----------------------	---	--	---	---	---

		саусақ! (он саусақты көрсетеміз) Қала салсақ, жол салсақ. (қолымызды алға қарай созамыз) <b>(сөйлеуді дамыту)</b>			болады), ол жерде өспесе, балалар үндемейді. Өсімдіктер: шие, алма, пальма, итмұрын, қарақат, өрік, таңқурай, апельсин, лимон, алмұрт, ананас және т.б..
<b>Ертеңгілік жаттығу</b>	<b>Жалпы дамыту жаттығулары (кішкентай темір шарлармен).</b>				
	<p>1. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.</p> <p>1.1. Балалар кішкентай темір шарларын жоғары көтеріп, екі қолмен сылдырлатады.</p> <p>1.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 4-5 рет қайталанады).</p> <p>2. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.</p> <p>2.1. Қолды оң жаққа жіберіп, кішкентай темір шарларды сылдырлатады.</p> <p>2.2. Бастапқы қалып.</p> <p>2.3. Қолдарын сол жаққа жіберіп, кішкентай темір шарларды сылдырлатады.</p> <p>2.4. Бастапқы қалып. (жаттығу 4 рет қайталанады).</p> <p>3. Бастапқы қалып: жерде отырады, аяқ алшақ, кішкентай темір шар ұстаған қолдар екі жақта.</p> <p>3.1. Аяқтарын жинап, кішкентай темір шар ұстаған қолдарын жоғары көтеріп, сылдырлатады.</p> <p>3.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 3 рет қайталанады).</p> <p>4. Бастапқы қалып: аяқ бірге, дене бос, қол төменде.</p> <p>4.1. Кішкентай темір шарларды артқа ұстап, бір орында тұрып секіру.</p> <p>4.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 3 рет қайталанады).</p> <p><b>(дене шынықтыру)</b></p>				
<b>Таңғы ас</b>	<b>Гигиеналық дағдылар</b>				

	<p>Мақсат-міндеттер. Баланың тамақтануы кезінде баланы қолдайтын жағымды көңіл-күй тудыру. Балалардың беті - қолдарын жуғызу, таңғы асқа отырғызу. Ас ішу мәдениетімен таныстыру. Қасық, шанышқыны дұрыс қолдануға үйрету. Ас-су ішкенде сөйлемей. Тамақтанып болған соң "рақмет" айту. Жуыну кезінде қолдарын (алақандарын бір-біріне үйкелеу) және бетін алақандарымен жуу, ересектердің көмегімен беті-қолдарын сүрту.</p> <p><i>Көркем сөз</i></p> <p>Асты-шашпай төкпей іш, Сораптамай аппен іш. Келген асты алдына Тауысып іш қалдырма. Тәрбиеші балалардың үстел үстінде дұрыс отыруларын қадағалайды. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)</b></p>				
<p><b>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</b></p>	<p>Балалардың жағымды көңіл-күйлерін қамтамасыз ету үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу. - Қатар-қатарға тұрайық, Марш басайық! Марш басайық! Мінеки, қандай балалар! Марш басады сарбаздар! <b>(сөйлеуді дамыту, әлеуметтік-</b></p>	<p>Балалардың жағымды көңіл-күйлерін қамтамасыз ету үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу. - Балалар, қане, күлейік, Ән-күйлермен бөлісейік. Шеңберге шығып жүріп, Әдемі биді билейік. <b>(сөйлеуді дамыту, әлеуметтік-эмоционалды</b></p>	<p>Балалардың жағымды көңіл-күйлерін қамтамасыз ету үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу. - Сәлеметсіңдер ме, балалар! Сәлеметсіңдер ме, ағаштар! Сәлеметсіңдер ме, үйлер! Сәлеметсіңдер ме, гүлдер! <b>(сөйлеуді дамыту, әлеуметтік-</b></p>	<p>Балалардың жағымды көңіл-күйлерін қамтамасыз ету үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу. - Неткен әдемі біздің әлем! Ғажайыптарға "Сәлем!" Ғажайыптардан көз алмайсың, Қуанып, бәрін қызықтайсың! <b>(сөйлеуді дамыту және көркем</b></p>	<p>Балалардың жағымды көңіл-күйлерін қамтамасыз ету үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу. - Балалар, қане, күлейік, Ән-күйлермен бөлісейік. Шеңберге шығып жүріп, Әдемі биді билейік. <b>(сөйлеуді дамыту, әлеуметтік-эмоционалды</b></p>

	эмоционалды дағдылар)	дағдылар)	эмоционалды дағдылар)	әдебиет, әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)	дағдылар)
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	<p><b>Дене шынықтыру</b> "Зырылдайды трактор". Мақсат-міндеттер. Балалардың сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру; гимнастикалық доғаға кезек адыммен өрмелеп шығуға үйрету; шеңбердің ішіне және сыртына секіруге жаттықтыру.</p>	<p><b>Дене шынықтыру</b> "Гүлдей жайнап бәріміз". Мақсат-міндеттер. Балаларда нық қадаммен алға, нық қадаммен артқа жүру, тізені биікке көтере отырып жүру; баяу (50-60сек.) қарқында жүгіру дағдыларын дамыту; доғаның астымен өрмелеу(еңбектеу) іскерліктерін жетілдіру.</p>	<p><b>Музыка</b> "Алақай, жаз келді!" Мақсат-міндеттер. Балаларды жаз туралы әуенді тыңдау және айту кезінде әннің сипатына сай денесімен ырғақты қозғала білу қабілеттеріне үйрету; жәй және қатты шығатын дыбыстарды педагогпен бірге айта білу дағдыларын қалыптастыру; көңілді сипаттағы әнді айту кезінде сөзінің мазмұнына сай қолдарымен қарапайым қимылдарды жасай білуге үйрету.</p>	<p><b>Дене шынықтыру</b> "Көркі ғажап көктем". Мақсат-міндеттер. Балаларда әртүрлі бағыттарда жүгіру; тереңдікке (15–20 см биіктіктен) секіру; допты тәрбиешіден 1-1,5 метр арақашықтықта лақтыру дағдыларын дамыту; оқу қызметін пысықтау.</p>	<p><b>Қазақ тілі</b> "Адамдардың көктемгі еңбегі" Мақсат-міндеттер. Балалардың қазақ тілінде сөйлеу қабілетін дамыту, сын есімдерді зат есіммен үйлестіруді үйрету; адамдардың көктемгі еңбегі, егістік алқабындағы жұмыстар жайында мәлімет беру, білімдерін бекіту. Жұмбақ шешу қабілеттерін, жаңылтпаштарды жаңылмай айта білу дағдыларын қалыптастыру. Суреттерге және жиі қайталанатын сөздерге сүйене</p>

					отырып, тақырып бойынша қазақ тіліндегі ақпаратты қабылдай алу қабілеттерін дамыту; сөйлеу, ойлау, еске сақтау, жағымды көңіл күй таныта білу қабілеттерін дамыту. Ересек адамдардың еңбегін құрметтеу, өсімдіктерге және табиғатқа жанашырлық, қамқорлық сезімдеріне баулу.
<b>2- таңғы ас</b>	Балаларға тамақ ішер алдында қолды жуу, тамақтану кезінде дұрыс отыруларын қадағалау, ескерту жасау; орындыққа сүйенбей, шынтақты дұрыс қойып отыруларын қатаң қадағалау; тамақ ішер алдында балалардың бір-біріне астың дәмді болуын тілеп; тамақтан соң алғыс айту. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</b>				
<b>Серуенге дайындық</b>	Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</b>				
<b>Серуен</b>	<b>Бұлтты аспанды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту</b>	<b>Дөңгелек салынған суреттерді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту</b>	<b>Күмды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем</b>	<b>Жаңбырлы күнді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту</b>	<b>Құмырсқаларды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту</b>

	<p><b>және көркем әдебиет)</b>  <b>Мақсат-міндеттер.</b>  Балаларға бұлтты күн райы туралы ұғымдар беру, аспанның түсі көгілдір емес, сұр екенін байқату, бұлттардың сұр болса, жаңбыр жауыны болуы мүмкіндігі туралы байқату.  <i>"Туган елдің көктемі".</i>  Маржан жаңбыр Жауды да бір Кемпіркосақ керілді. Жарқ етті де, аунады кыр,  Ырзық дәні себілді.  Ш. Мәмбетов  Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды учаскедегі орындықтарды қылшақтар арқылы</p>	<p><b>және көркем әдебиет)</b>  <b>Мақсат-міндеттер.</b>  Асфальт бетіне түрлі-түсті бормен салынған дөңгелектерді бақылауға ынталандыру; түйсігін, ой-қиялын дамыту.  - Балалар, асфальт бетінде нені көріп тұрсындар?  <i>"Күлімдеген дөңгелектер".</i>  - Дөңгелектер, дөңгелектер, Түрлі күлімдеген беттер.  Міне, Дананың беті,  Міне, Аланның беті,  Міне – күлімдеген мен,  Міне, күлімдеген сен.  Д. Ахметова  Еңбекке баулу тапсырмалары:</p>	<p><b>әдебиет)</b>  <b>Мақсат-міндеттер.</b>  Балаларға құрғақ құмның себіліп қолдың арасынан түскенін, дымқыл құмның белгілі денеге айланатынын көрсету; құмды "құрғақ" немесе "дымқыл" деуге ынталандыру, тәжірибе жасату.  - Дымқыл құм сазбалшықтай. Қолға алмайсың қалай?  Қолға алса, домалатса Болады құм бауырсақтай. Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды құмның бетін ағаштан түсіп қалған ұсақ қоқыстардан тазалауға шақыру.</p>	<p><b>және көркем әдебиет)</b>  <b>Мақсат-міндеттер.</b>  Балаларды жаңбырлы күн райын бақылауға машықтандыру, жаңбыр, кемпіркосақ құбылыстарын ажыратуға үйрету.  - Балалар, қазір күн шығып тұр ма? Неге?  Иә, бұл жаңбырлы күн.  "Түн қалдырмай қуып өтті".  Түн қалдырмай қуып өтті,  Нөсер көкті жуып өтті.  Жалғыз ғана көгенге ұқсап  Қала берді кемпіркосақ.  Қ. Мырзалиев.  Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ,</p>	<p><b>және көркем әдебиет)</b>  <b>Мақсат-міндеттер.</b>  Балалардың назарын жәндіктердің, құмырсқалардың қимылдарына аудару; ойлау, зейін қабілеттерін дамыту.  - Балалар, мынау құмырсқалар.  Қайталайықшы.  Тамаша.  Құмырсқалар тынымсыз жәндіктер, жанталасып жүгіріп жүреді.  "Құмырсқалар".  Құмырсқалар, Жұмыспенен күн қысқарар.  Тыным жоқ-ау  Өздерінде,  Қызып алған Кездерінде  Тасисындар көрінгенді,</p>
--	--	--	--	---	---

	<p>кұмнан тазалауға шақыру.          Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту.          "Күн мен жаңбыр" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)          Мақсат-міндеттер. Балалардың "күн" және "жаңбыр" сигналды сөздер арқылы қимылдай білу қабілеттерін дамыту; жаңбыр құбылысы туралы білімдерін қалыптастыру.          - Күн шықты –</p>	<p>балаларды сұхбатхананы тазалауға шақыру.          Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту.          "Машиналар жүреді" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)          Мақсат-міндеттер. Балаларды қызыл, жасыл не сары түсті таңбалауыштардың біріне сәйкес қимылдарды жасауға үйрету; топтасып, бір-біріне соғылмай жүре білу дағдыларын</p>	<p>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; тазалық әдетін дамыту.          "Босқа біз тұрмайық" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)          Мақсат-міндеттер. Балалардың бір сапқа тізіліп, бірінің соңынан бірі (бір-біріне соғылмай) жүру дағдыларын жетілдіру.          - Босқа біз тұрмайық, Құлыншақ болайық, Аяқтармен соқ-соқ. Секіреміз тоқ-тоқ. Оң жаққа қолды сермеп, Сол жаққа қолды сермеп.</p>	<p>кұрғақ бұтақтарды жинауға шақыру.          Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалықты сақтауға деген қызығушылықты арттыру; еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.          "Күн мен жаңбыр" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)          Мақсат-міндеттер. Балалардың "күн" және "жаңбыр" сигналды сөздері арқылы қимылдай білу қабілеттерін дамыту.          - Күн шықты – балалар ойнады.          - Күн тығылды – жаңбыр жауды.          "Тегіс жолмен</p>	<p>Білмейсіңдер Ерінгенді.          Қ. Мырзалиев Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды учаскедегі орындықтарды қылшақтар арқылы құмнан тазалауға шақыру.          Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту.          "Құмырсқалар" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)          Мақсат-міндеттер. Балалардың бір сапқа тұрып, бір-бірінен</p>
--	---	---	--	---	--



	<p>балалар ойнады. - Күн тығылды – жаңбыр жауды. "Тегіс жолмен жүреміз" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: алға қарай жылжи отырып, қос аяқпен секіруге жаттықтыру.</p>	<p>қалыптастыру; жағымды әсерлерге бөленуге тәрбиелеу. Педагог балаларға кезегімен қызыл, сары және жасыл таңбалауыштарды көрсетіп жатып, белгілі таңбалауышқа сай қимылдарды жасауды ұсынады: - жасыл таңбалауыш - қолға рульді ұстаған ұқсап, ары-бері, жан-жаққа бағыттап жүгіру; - сары таңбалауыш - орнында тоқтап, шапалақтау, - жасыл таңбалауыш - жерге шоқайып отыру. - Бағдаршамда жасыл шам - Жол ашық, машиналар. Бағдаршамда сары шам -</p>	<p>Аяқты көтереміз, Сап түзеп жүреміз. Д. Ахметова "Шеңберге дәлде" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларда нысанаға (допты) дәлдеп ата білу, ептілік, мергенділік қабілеттерін дамыту.</p>	<p>жүреміз" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: алға қарай жылжи отырып, қос аяқпен секіруге жаттықтыру.</p>	<p>соң жүгіре білу дағдыларын жетілдіру. Педагог балаларды өзінің соңынан сапқа тұрғызып, балаларға өзі көрсеткен бағыттарға жүгіруді көрсетіп қадағалайды. "Көлшіктен өт" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды бір орнынан ұзындыққа екі аяқпен алға секіре білу қабілетін қалыптастыру; тепе-теңдік, ептілік, көзбен мөлшерлеу сезімдерін дамыту.</p>
--	--	--	---	--	---

		<p>Шапалақта, балалар.  Бағдаршамда қызыл шам -  Тоқтасын машиналар.  Ойын екі рет өткізіледі.  "Допты қағып ал" қимылды жаттығуы.  (дене шынықтыру)  Мақсат-міндеттер: балаларды допты екі қолмен ұстауға жаттықтыру; тепе-теңдікті сақтауға, ептілікке баулу.</p>			
<b>Серуеннен оралу</b>	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</b>				
<b>Түскі ас</b>	<p><b>Гигиеналық дағдылар</b>  Мақсат-міндеттер. Баланың тамақтануы кезінде баланы қолдайтын жағымды көңіл-күй тудыру. Балалардың беті - қолдарын жуғызу, таңғы асқа отырғызу. Ас ішу мәдениетімен таныстыру. Қасық, шанышқыны дұрыс қолдануға үйрету. Ас-су ішкенде сөйлемей. Тамақтанып болған соң "рақмет" айту. Жуыну кезінде қолдарын (алақандарын бір-біріне үйкелеу) және бетін алақандарымен жуу, ересектердің көмегімен беті-қолдарын сүрту.  <i>Көркем сөз</i>  Асты-шашпай төкпей іш,  Сораптамай аппен іш.  Келген асты алдына</p>				

	<p>Тауысып іш қалдырма. Тәрбиеші балалардың үстел үстінде дұрыс отыруларын қадағалайды. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)</b></p>
<b>Түскі ұйқы</b>	<p>Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу.</p>
<b>Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары</b>	<p><b>Төсекте жатып керіліп-созылу, жаттығу жасау, өзін-өзі уқалау.</b> Балалар әуезді музыка әуенімен оянады, содан кейін кереуеттің үстінде жатып, 5-6 жалпы даму жаттығуын орындайды. Басты оңға, солға бұру. Қолды, ішті, аяқты, өкшені жеңіл сипау. Екі аяқтың тізесін бүгіп, екі қолмен құшақтау және біртіндеп түзету. <b>"Көңілді аяқтар" жаттығуы.</b> Аяқтарды биік көтер, міне, былай, Топ, топ, топ! Көңілдірек! Биігірек! Міне былай: Хоп, хоп, хоп! Қоңыраулар сыңғыр-сыңғыр, Қатты-қатты, сылдыр-сыңғыр! Шап жүйрігім, шап-шап, Тпру - ру -у, тұлпарым: Тоқтат! Тоқтат! Шынықтыру шаралары. Дымқыл сүлгімен сүртіну. Жалпақтабандылықтың алдын алу мақсатында денсаулық кілемшелерімен жүру. <b>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жүзеге асыру жайындағы білімдерін бекіту.</b> <b>"Сылдыр, сылдыр, сылдыр су" ойын жаттығуы.</b> <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)</b></p>
<b>Бесін ас</b>	<p>Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</b></p>

<p><b>Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)</b></p>	<p><b>Қоршаған ортамен таныстырудан ойын-жаттығу</b>  "Жаңбырдың пайдасы".  Мақсат-міндеттер. Балалардың жансыз табиғат құбылыстары арқылы көзбен қабылдау мен фонематикалық есту қабілетін, есте сақтау қабілеті мен логикалық пайымдауын және шығармашылығын дамыту.</p>	<p><b>Ойын-имитация. "Көктемгі бау-бақша".</b>  Мақсат-міндеттер. Балаларды ойын алаңында немесе аулада жүріп, педагогтің қимылына еліктеуге ынталандыру; ой-қиялын, түйсігін, елестету қабілеттерін дамыту.  Құралдар: қатпа қағаздарда қиылған гүлдердің бастары (педагог оларды алаңға жайып салады).  <b>"Көктемгі бау-бақша".</b>  Жауындарды шақырып, Күнде күтіп жүреміз. Бау-бақшаның гүлдерін, Тамашалап көреміз.</p>	<p><b>Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу</b>  "Балабақша ауласындағы ағаштар".  Мақсат-міндеттер. Балалардың балабақша ауласындағы ағаштар туралы білімдерін қалыптастыру; олардың пайдасы туралы түсінік беру; ағаштарды қорғап, қамқорлық жасай білуге үйрету; көктемде ағашты бақылау дағдыларын жетілдіру.</p>	<p><b>Математика негіздерінен ойын-жаттығулар.</b>  "Құлыншақтарға сыйлық".  Мақсат-міндеттер. Балалардың заттардың пішіндері мен түстеріне қарап, саны сонша затты тұтастырып, салыстыру тәсілдерін жетілдіру; заттарды тең екі топқа бөлу үшін, әрқайсысын бір-біреуден екі жаққа, екі бөлек қатарға жинау дағдыларын жетілдіру; сәйкестендіру нәтижесін атап айту амалдарын игерту; қағаз бетін бағдарлау, көзбен мөлшерлеу, ойлау қабілеттерін дамыту.</p>	<p><b>"Қандай шырын?" дидактикалық ойыны.</b>  Мақсат-міндеттер: жемістерді ажырату және атау қабілетін жетілдіру, сын есімдерді құруға үйрету, ауызша сөйлеуді, зейінді, есте сақтауды дамыту.  Барысы: балалар кезекпен себеттен суреттерді алады, суреттегі жемістерді атайды және осы жемістен алынған шырын қалай аталатынын айтады.  Мысалы: "Бұл алма - алма шырыны".</p>
--	--	--	---	--	--

		<p>Көбелектер, жәндіктер Ұшып қонды гүлдерге, Нәрін татып, нәзіктер Бау-бақшаға келуде. Д. Ахметова <b>(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу)</b></p>			
<p><b>Балалармен жеке жұмыс</b></p>	<p><b>Артикуляциялық жаттығу.</b> Ін-ін-ін-ін, Егілді егін.  Ай-ай-ай-ай, Жайқалды бидай.  Ек-ек-ек-ек, Сіңірдік көп еңбек Қазақ тілінің төл дыбыстарының дұрыс дыбысталуын қадағалап, балаларға бірнеше рет айтқызу. <b>(сөйлеуді дамыту)</b></p>	<p><b>"Көбелек" тақпағын айтқызу.</b> Бала тілін дамыту. "Көбелек" (Әбен Дәуренбеков) Сен де қудың көбелек, Мен де кудым көбелек, Жүйрік екен керемет, Ұстатпады, не керек?! <b>(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)</b></p>	<p><b>"Ағаш, бұта, гүл" дидактикалық ойыны.</b> Мақсат-міндеттер: өсімдіктер туралы білімдерін бекіту, балалардың ой-өрісін кеңейту, сөйлеу, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Барысы: жүргізуші "Ағаш, бұта, гүл ..." деген сөздерді айтады және балаларды айналып өтеді. Тоқтатып, бір</p>	<p><b>Еңбек туралы мақал-мәтелдер жаттату.</b>  1. Еңбек - ата, жер-ана.  2. Жалқаудың жаны тәтті, Еңбектің дәмі тәтті.  3. Бейнетің қатты болса, Татқаның тәтті болар. <b>(сөйлеуді дамыту)</b></p>	<p><b>"Қызғалдақ" өлеңін жаттау.</b> Жомарт мынау табиғат Өсіргендей бізге арнап. Қып-қызыл боп жалындап, Қырға өседі қызғалдақ. Р.Тышқанбаев <b>(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)</b></p>

			баланы көрсетіп, үшке дейін санайды, бала жүргізушінің тоқтаған жерін тез атауы керек. Бала айтып үлгермесе немесе қате жауап айтса ойыннан шығады. Барлық ойыншылар ойыннан шыққанша дейін ойнатылады. <b>(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)</b>	<b>және көркем әдебиет)</b>	
<b>Серуенге дайындық</b>	Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу.				
<b>Серуен</b>	Түскі серуендегі бақылауды жалғастыру. <b>(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</b>				
<b>Серуеннен оралу</b>	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</b>				
<b>Кешкі ас</b>	<b>Гигиеналық дағдылар</b> Мақсат-міндеттер. Баланың тамақтануы кезінде баланы қолдайтын жағымды көңіл-күй тудыру. Балалардың беті - қолдарын жуғызу, таңғы асқа отырғызу. Ас ішу мәдениетімен таныстыру. Қасық, шанышқыны дұрыс қолдануға үйрету. Ас-су ішкенде сөйлемей. Тамақтанып болған соң "рақмет" айту. Жуыну кезінде қолдарын (алақандарын бір-біріне үйкелеу) және бетін алақандарымен жуу, ересектердің көмегімен беті-қолдарын сүрту.				

	<p><i>Көркем сөз</i>  Асты-шашпай төкпей іш,  Сораптамай аппен іш.  Келген асты алдына  Тауысып іш қалдырма.  Тәрбиеші балалардың үстел үстінде дұрыс отыруларын қадағалайды.  <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)</b></p>
<p><b>Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)</b></p>	<p>Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. <b>(коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет)</b>  Мақсат-міндеттер. Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (бейбітшілік қорғанында, табиғаттың гүлденуі, көктемгі егістік, жаз мезгілі) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту. Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға, бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету, онда жеке репликаларды, кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу.  Музыкалық аспаптармен ойындар. <b>(музыка)</b>  Мақсат-міндеттер. Балаларды музыкалық аспаптармен: сыбызғы, металлофон, қоңырау, сылдырмақ, маракас және барабанмен, сондай-ақ олардың дыбысталуымен таныстыру.  Балаларға арналған музыкалық аспаптарда және металлофонда (бір пластинада) ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету.  Өнер бұрышында аңдардың бояу суреттерін бояу, ұлпақар мүсіндеу және жапсыру жұмыстарын жасау.  <b>(шығармашылық дағдылар, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу)</b>  Мақсат-міндеттер. Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу. Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу. Жапсыру барысында қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыпты болуға баулу. Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыптылыққа баулу.  Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. <b>(зерттеу іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>

	Танымдық дағдыларды қалыптастыруға арналған ойындар ұйымдастыру. <b>(математика негіздері)</b> Мақсат-міндеттер. Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: күндіз-түнде, таңертең-кешке.				
<b>Балалардың үйге қайтуы</b> (ата-аналарға кеңес)	Баланың эмоциялық жағдайы.	Ата-аналарға кеңес. "Үйдегі жағдайда балабақшаның күн режимімен бірдей етіп ұйымдастыру".	"Баланың сұрағына шыдамдылықпен жауап бересіз бе?" тақырыбында әңгімелесу, сауалнама жүргізу, кеңес беру.	"Балабақшадағы біздің жетістіктеріміз" тақырыбындағы көрме.	Баланың бос уақытын дұрыс ұйымдастыруда ата-аналарға кеңес беру.